



Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысу туралы хабарлама

1. Осы арқылы «Kaspi Bank» АҚ (бұдан әрі – Банк) депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне өзінің қатысатынын Сізге хабарлайды, оны куәландыру үшін Банкке 31.10.2008 жылғы № 011 куәлік берілген.

2. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес Сіздің депозитіңіз (салымыңыз) депозиттерге міндетті кепілдік беру объектісі болып табылады.

Банк барлық банктік операцияларды жүргізуге берілген лицензиясынан айырылған жағдайда, «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ (бұдан әрі – ҚДКБҚ) Банк барлық банктік операцияларды жүргізуге берілген лицензиясынан айырылған күннен бастап 35 жұмыс күні ішінде Сіздің депозитіңіз (салымыңыз) бойынша кепілдік берілген өтемді төлей бастайды. Мұндай төлем Заңда белгіленген кепілдік берілген өтемнің ең көп сомасы шегінде төленеді.

Кепілдік берілген өтемді төлеу басталғаны және төлеу тәртібі туралы, сондай-ақ кепілдік берілген өтемді төлейтін агент-банктер, төлейтін кезең мен орындары туралы ҚДКБҚ-ның хабарламасы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады, сондай-ақ ҚДКБҚ-ның www.kdif.kz интернет-ресурсына орналастырылады.

3. Кепілдік берілген өтемді алу үшін Сіз **кепілдік берілген өтемді төлей бастаған күннен бастап бір жылдың ішінде:**

ҚДКБҚ төлемдерінің электрондық порталы не «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы ҚДКБҚ-ға электрондық нысанда немесе агент-банктер тізбесінен таңдап алынған агент-банкке қағаз жеткізгіште өтініш беруіңіз керек.

Кепілдік берілген өтем Сіз растайтын құжаттарды қоса тіркеп, кепілдік берілген өтемді төлеуге өтініш берген күннен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірмей төленеді. Кепілдік берілген өтемді төлеуге берілетін өтініштердің нысандарымен және растайтын құжаттардың тізбесімен Сіз ҚДКБҚ-ның www.kdif.kz интернет-ресурсында таныса аласыз.

4. Кепілдік берілген өтемді төлеу мерзімінің аяқталатын күні туралы ҚДКБҚ-ның хабарламасы төлем мерзімі аяқталғанға дейін 30 жұмыс күні бұрын бұқаралық ақпарат құралдарында және ҚДКБҚ-ның интернет-ресурсында, сондай-ақ ҚДКБҚ-ның қалауы бойынша ақпарат берудің қосымша тәсілдерімен жарияланады.

5. Егер **төлей бастаған күннен бастап бір жылдың ішінде** Сіз белгіленген тәртіппен кепілдік берілген өтемді алуға өтініш бермесеңіз, бұл жағдай Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында көзделген тәртіппен ашылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алу үшін кепілдік берілген өтемінің Сіз талап етпеген сомасын ҚДКБҚ-ның жеке зейнетақы шотыңызға аударуына Сіздің келісіміңіз ретінде танылады.

6. Сіз кепілдік берілген өтемді төлеу мерзімін өткізіп алған жағдайда, ҚДКБҚ-ға кепілдік берілген өтемді төлеу туралы жазбаша өтініш бере аласыз және Заңда көзделген осындай өткізу үшін дәлелді себептер болған кезде, ҚДКБҚ Сізге кепілдік берілген өтем сомасын төлей алады. Бұл ретте мұндай өтініш банк түпкілікті таратылғанға дейін немесе Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заңына сәйкес Сіздің ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдеріне құқығыңыз басталғанға дейін берілуі мүмкін.